

**Әкімдіктің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 42 "Сайлау алдындағы үгіт жүргізуге үміткерлердің барлығы үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 6 мамырдағы № 88 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 мамырда № 8415 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 41 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 01.04.2020 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабының 6-тармағына сәйкес Әулікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әулікөл аудандық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп Әулікөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 42 "Сайлау алдындағы үгіт жүргізуге барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына (2015 жылғы 9 сәуірде "Әулікөл" газетінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5448 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында реттік нөмірі 1-жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"

1 . Әулікөл ауылы	Шақшақ Жәнібек батыр көшесіндегі "Төлеңгіт" базарына қарама - қарсы стенд
	Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Әулікөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының жанындағы стенд
	Алтынсарин көшесіндегі "Радуга" дүкенінің жанындағы стенд
	"Шақшақ Жәнібек батыр атындағы көшесіндегі "Нұр Отан" партиясының аудандық филиалы кеңсесінің жанындағы стенд.

";

көрсетілген қаулының қосымшасында орыс тіліндегі реттік нөмірі 2-жолы жаңа редакцияда жазылсын, қазақ тіліндегі мәтін өзгеріссіз қалдырылсын;

көрсетілген қаулының қосымшасында реттік нөмірі 8-жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"

8. Новоселов ауылдық округі	
Новоселов ауылы	"Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Новоселов орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
Аққұдық ауылы	"Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Аққұдық негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
Соснов ауылы	"Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Соснов негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд

".

көрсетілген қаулының қосымшасында реттік нөмірі 13-жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"

13. Қосағал ауылы	"Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Терсек бастауыш мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
-------------------	---

".

2. "Әуликөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
- 3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.